Зерттеу жұмысы Солтүстік Қазақстан облысының шалғынды-батпақты өсімдіктер қауымдастығының алуантүрлілігін зерттеуге арналған. Бұл жұмыста өңірдегі шалғынды-батпақты өсімдіктердің туыстық және түрлік құрылымы зерттелді. Біздің зерттеу жұмысымыздың негізінде, Солтүстік Қазақстан облысының шалғынды-батпақты өсімдіктерін зерттеу барысында 163 түрден тұратын 89 туыс, 38 тұқымдас белгілі болды (35,6 %). Шалғынды-батпақты өсімдіктердің жетекші тұқымдастарына кіреді: *Cyperaceae* – 28 түр (барлық флораның 17,5%), *Fabaceae* – 21 түр (13,13%), *Polygonaceae* – 14 түр (8,8%), *Asteraceae* – 10 түр (6,25%), *Juncaceae* және *Salicaceae* – 8 түрден (5%), *Poaceae* және *Ariaceae* – 6 түрден (3,8%), *Lamiaceae* – 5 түр (3,09%). Осы ірі тұқымдастарға 107 түр кіреді, бұл түрлер берілген шалғынды-батпақты өсімдіктердің барлық флораның 66,9%-ын құрайды.

Шалғынды-батпақты өсімдіктердің 163 түрдің 145 түрі шөптесін өсімдіктер болып табылады. Солтүстік Қазақстан облысында кездесетін шалғынды-батпақты өсімдіктердің хорологиялық талдау бойынша барлық түрлері 9 географиялық топқа бөлінді.

Түйінді сөздер: шалғынды-батпақты өсімдіктер, түр және туыс құрамы, биотоп, өмірлік форма, ареал.

**АНАЛИЗ ЛУГОВО-БОЛОТНОЙ РАСТИТЕЛЬНОСТИ
СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ**
Тлеубергенова Г.С.¹, Кожевникова Л.Н.¹, Маратова А.С.¹, Мақұм Н.¹
¹СКГУ им. М. Козыбаева, Петропавловск, Казахстан

Аннотация

Исследовательская работа посвящена изучению разнообразия ассоциации лугово-болотных растений Северо-Казахстанской области. В этой работе изучены родовой и видовой состав исследуемых растений региона. На основе нашей исследовательской работы, в ходе изучения лугово-болотной растительности Северо-Казахстанской области было выявлено 163 видов из 89 родов (35,6 %) и 38 семейств. В десятку крупнейших семейств лугово-болотных растений входят: *Cyperaceae* – 28 видов (17,5% от всей флоры), *Fabaceae* – 21 вид (13,13%), *Polygonaceae* – 14 видов (8,8%), *Asteraceae* – 10 видов (6,25%), *Juncaceae* и *Salicaceae* – 8 видов (5%), *Poaceae* и *Ariaceae* – 6 видов (3,8%), *Lamiaceae* – 5 видов (3,09%). Крупнейшие семейства объединяют 107 видов, что составляет 66,9% всей флоры, относящихся к лугово-болотным растениям.

Из 163 видов лугово-болотных растений 145 видов являются травянистыми растениями. По хорологическому анализу всех видов лугово-болотных растений, встречающихся в Северо-Казахстанской области, разделены на 9 географических групп.

Ключевые слова: лугово-болотные растения, видовой и родовой состав, биотоп, жизненная форма, ареал.

ANALYSIS OF THE MEADOW MARSH COMMUNITIES
OF NORTH KAZAKHSTAN REGIONG.S. Tleubergenova¹, L.N. Kozhevnicova¹, A.S. Maratova¹, N. Makum¹¹NKSU named after M. Kozybaev, Petropavlovsk, Kazakhstan

Abstract

The research work is devoted to the study of the diversity of the association of meadow-marsh plants in the North Kazakhstan region. In this work, we studied the generic and species structure of the studied plants in the region. Based on our research work, 38 families and 89 genera of 163 species (35.6%) were identified during the study of the meadow – marsh vegetation of the North Kazakhstan region. The ten largest families of meadow-marsh plants include: Cyperaceae – 28 species (17.5% of the total flora), Fabaceae-21 species (13.13%), Polygonaceae – 14 species (8.8%), Asteraceae – 10 species (6.25%), Juncaceae and Salicaceae – 8 species (5%), Poacea and Apiaceae – 6 species (3.8%), Lamiaceae – 5 species (3.09%). The largest families include 107 species, which makes up 66.9% of the total flora belonging to meadow-marsh plants.

Of the 163 species of meadow-marsh plants, 145 are herbaceous plants. According to the horological analysis of all types of meadow-marsh plants found in the North Kazakhstan region, they are divided into 9 geographical groups.

Key words: meadow-marsh plants, species and genera structure, biotope, life form, area.

Кіріспе

Қазіргі уақытта еліміздің ішкі су қорларын тиімді пайдалану және игеру мәселелеріне үлкен көңіл бөлінуде. Су және жағалау-су өсімдіктері су экожүйелерінің маңызды компоненттерінің бірі болып табылады. Фитопланктонмен бірге олар тамақ тізбегінің әртүрлі буындарын қамтамасыз ете отырып, трофикалық циклге қатысады. Кейбір түрлер әртүрлі бағыттағы эксперименттік зерттеулерді орындауға арналған тест-объектілер немесе орта жағдайының кешенді индикаторлары болып табылады.

Шалғынды-батпақты өсімдіктерді зерттеу өзекті болып табылады. Өйткені бұл өсімдіктердің типі Солтүстік Қазақстан аумағында кең таралған. Облыс территориясында Есіл өзені және көптеген көлдер таралған (1 Сурет).



1 Сурет Большая Малышка ауылының аумағындағы
Есіл өзені бойындағы өсімдіктер

Зерттеу әдістері

Зерттеудің негізгі әдістері салыстырмалы-морфологиялық, экологиялық-географиялық және филогенетикалық болды.

Зерттеу материалдары 2019 жылы мамыр және қыркүйек айлары аралығында Солтүстік Қазақстан облысының Қызылжар және Мамлют аудандарынан жиналды және маршруттық-рекогносцирлеу әдісі қолданылды.

Зерттеу нәтижесінде біз шалғынды-батпақты өсімдіктердің аудандарға орайластырды. Қызыл Жар, Мамлют аудандарда кездесетін шалғынды-батпақты өсімдіктерді зерттелді. Олардың түрлік және туыстық құрамын [1, 2], және қазақ атаулары анықталды [3].

Зерттеу нәтижелері

Қазақстан Республикасында жоғары сатыдағы өсімдіктердің 4750 түрлері кездеседі. Оның көпшілігі гүлді өсімдіктер болып табылады. Республикасының жерлерінде 68 түрлер ағаштар, 2566 түрі бұталар, 433 түрі жартылай бұталармен бұтақшылар, оның арасында 2598 көпжылдық, 849 бір жылдық өсімдіктер таралған [4].

Солтүстік Қазақстан облысының энциклопедиясы бойынша біздің аймақтың флорасы 700 астам түрлерден тұрады [5].

Соңғы зерттеулері бойынша СҚО флорасында 758 түрлер, 388 туыс және 95 тұқымдастар кездеседі. Флораның негізін гүлді өсімдіктер құрайды, олардың саны 744 түрлер (98,1 %); арасында қосжарнақты өсімдіктер басым болады - 587 түрлер (77,4 %) [6].

Солтүстік Қазақстан облысының аумағында Есіл өзені ағып жатыр, өзен жайылмасында түрлі сулы және шалғынды-батпақты өсімдіктер кең таралған және СҚО өсімдік жамылғысын байытуда маңызды рөл атқарады. Есіл өзенінің жайылмашалғынды өсімдіктері жыл сайын шөп шабуға ұшырайды. Бұл флористикалық құрамының өзгеруіне және оның жұқаруына, шабуға және т. б. төзімді түрлердің пайда болуына әкеледі. Солтүстік Қазақстан облысының ірі туыстарының ондығына тал туысы (*Salix*) өсімдіктердің 8 түрі кіреді. Талдар туысы өңірде, Есіл өзенінің жайылмасында, жер бедерінің төмендеулерінде, су айдындарының жағалауларында кең таралған [7].

Қарағайлар бөліміне 3 түр ғана жатады 0,39%, бұл *Pinus silvestris* L. (*Pinaceae* Lindl.), және кипаристар (*Cupressaceae* Neger.) тұқымдасынан аршаның 2 түрі (*Juniperus sabina* L., *Juniperus communis* L.). СҚО-ның аймағында 14 жоғары сатыдағы споралы түрлері (1,85%) өседі, бұл *Lycopodiaceae* Rich. тұқымдасына жататын – *Lycopodium anceps* Wallr. және папоротниктердің (*Polypodiaceae* R.Br.) 6 түрі мен қырықбуындардың (*Equisetaceae* Rich.) 7 түрлері. Барлық 95 тұқымдастардың арасында жетекші 11 тұқымдас бар, олардың құрамына біздің аймақтың флорасының 63,2 % кіреді.

Шалғынды-батпақты өсімдіктердің туыстық және түрлік құрамы бойынша Солтүстік Қазақстан облысының флорасындағы кең таралған өсімдіктердің бірі болып табылады. Біздің зерттеу жұмысымыздың негізінде, СҚО-ның шалғынды-батпақты өсімдіктердің тізімі 163 түрден 89 туыстан және 38 тұқымдастан тұрады (35,6 %) [8].

Шалғынды-батпақты өсімдіктердің жетекші тұқымдастарына кіреді: қиякөлең (*Cyperaceae* Juss.) – 28 түр (барлық флораның 17,5%), бұршақ (*Fabaceae*) – 21 түр (13,13%), қарақұмық (*Polygonaceae* Lindl.) – 14 түр (8,8%), күрделігүлділер (*Asteraceae*) – 10 түр (6,25%), елекшөптер (*Juncaceae* Juss.) және талдар (*Salicaceae* Mirb.) – 8 түрден (5%), астық (*Poacea* Barnchart.) және шатыршагүлділер (*Apiaceae*) – 6

түрден (3,8%), ерінгүлділер (*Lamiaceae* Lindl.) – 5 түр (3,09%). Кең таралған тұқымдастарға 107 түр кіреді, бұл түрлер берілген шалғынды-батпақты өсімдіктер зонасына жататын барлық флораның 66,9%-ын құрайды (1 Кесте).

Cyperaceae тұқымдастығы Солтүстік Қазақстан облысының флорасындағы жетекші тұқымдастардың ондығына кіреді және СҚО түрлерінің жалпы санынан 28 түрден (3,7 %) тұрады. *Cyperaceae* тұқымдасының құрамында 7 туыс: *Schoenoplectus Palla* туысында 3 түр болса, *Scirpus L.* туысы – 1 түр, *Bolboschoenus Palla* туысы – 2 түр, *Eriophorum L.* туысы – 3 түр, *Carex L.* туысы – 17 түр, *Rhynchospora* және *Cyperus* туысы – 1 түрден тұрады.

Carex L. туысы ең ірі туыстардың бірі болып келеді, ол 17 түрден тұрады: жағалаулық қиякөлең (*Carex riparia* Curtis.), үрме қиякөлең (*Carex inflata* Huds.), батпақты қиякөлең (*Carex limosa* L.), түкдәнді қиякөлең (*Carex lasiocarpa* Ehrh.), қарабидай қиякөлең (*Carex secalina* Willd), қоңыр қынапты қиякөлең (*Carex fusco-vaginata* Kuk.), үрметұмсық қиякөлең (*Carex rhynchophysa* C.A.Mey.), жалған қоғашық қиякөлең (*Carex pseudocyperus* L.), Омбы қиякөлеңі (*Carex omskiana* Meinsh.), түпті қиякөлең (*Carex cespitosa* L.) [7].

Қиякөлең (*Carex*) туысының көптеген түрлері нағыз батпақты жерлерде өседі, мысалы *Carex cespitosa* L. орманды-дала аймағында шалғынды жерлерде, эутрофты батпақтарда, өзен жағалауында, кейде батпақты орманда кездеседі. Осы топқа *Carex omskiana* Meinsh., *Carex rostrata* Stokes., *Carex acuta* L., *Carex elata* All., *Carex riparia* Curtis. түрлерді жатқызуға болады.

Кесте 1 СҚО шалғынды-батпақты өсімдіктердің тұқымдастар құрамы

№	Тұқымдас	Туыс саны	Түрлердің саны
1	Аройниктер (<i>Araceae</i> Heck.)	1	1
2	Айлаулықтар (<i>Boraginaceae</i> Juss.)	3	3
3	Ақдодалдар (<i>Primulaceae</i> Vent.)	3	3
4	Алаботалар (<i>Chenopodiaceae</i> Vent.)	2	2
5	Алисмалар (<i>Alismataceae</i> Vent.)	2	3
6	Астықтар (<i>Poaceae, Graminea</i> Juss.)	5	6
7	Бақажапырақтылар (<i>Plantaginaceae</i> Lindl.)	2	3
8	Бұршақтар (<i>Fabaceae, Leguminosae</i> Juss.)	6	21
9	Бүршікбастар (<i>Thelypteridaceae</i> Pic.Serm.)	1	1
10	Деннштедтиелер (<i>Dennstaedtiaceae</i> Lotsy.)	1	1
11	Елекшөптер (<i>Juncaceae</i> Juss.)	2	8
12	Елекшөптестер (<i>Juncaginaceae</i> Rich.)	1	2
13	Ерінгүлділер (<i>Lamiaceae</i> Lindl.)	3	5
14	Зәйтүндер (<i>Oleaceae</i> Lindl.)	1	1
15	Көкбұталар (<i>Ericaceae</i> DC.)	4	4
16	Күрделігүлділер (<i>Compositae</i> (Vaill.) Adans.)	9	10
17	Күреңоттер (<i>Onagraceae</i> Juss.)	2	3


18	Қазтамақтар (<i>Geraniaceae</i> Juss.)	1	1
19	Қайыңдар (<i>Betulaceae</i> S.Gray)	1	1
20	Қалақайлар (<i>Urticaceae</i> Endl.)	1	2
21	Қалампырлар (<i>Caryophyllaceae</i> Juss.)	2	3
22	Қарақұмықтар (<i>Polygonaceae</i> Lindl.)	4	14
23	Қасқыржем (<i>Asparagaceae</i> Juss.)	1	1
24	Қиякөлендер (<i>Cyperaceae</i> Juss.)	7	28
25	Қоғалар (<i>Typhaceae</i> J.St.Hill.)	1	3
26	Қырықбуындар (<i>Equisetaceae</i> Rich.)	1	2
27	Орамжапырақтар (<i>Brassicaceae, Cruciferae</i> Juss.)	1	1
28	Раушангүлділер (<i>Rosaceae</i> Juss.)	4	4
29	Рияндар (<i>Rubiaceae</i> Juss.)	1	2
30	Сабынкөктер (<i>Scrophulariaceae</i> Juss.)	2	2
31	Сапиндалар (<i>Sapindaceae</i> Juss.)	1	1
32	Сарғалдақтар (<i>Ranunculaceae</i> Juss.)	2	2
33	Түйешырмауқтар (<i>Asclepiadaceae</i> Lindl.)	2	2
34	Сүйсіндер (<i>Orchidaceae</i> Juss.)	1	1
35	Талдар (<i>Salicaceae</i> Mirb.)	1	8
36	Шатыргүлділер (<i>Apiaceae, Umbelliferae</i> Moris.)	5	6
37	Асқабақтар (<i>Cucurbitaceae</i> Hall.)	1	1
38	Шырмауықтар (<i>Convolvulaceae</i> Juss.)	1	1
Барлығы		89	163

Ал кейбір түрлері, мысалы *Carex praecox* Schreb. шалғынды жерлерде және ашық шөпті қайыңды ормандарда кездеседі, бұл өсімдік қара топырақтарды жаратады. *Carex stenophylla* Wahlenb. дала аймағында, құрғақ құмды шалғынды жерлерде, дала-орманның жағасында өсетін түрі. *Carex* туысының сиректеу кездесетін тірлеріне жатады.

Carex secalina Willd. тұзды өзендердің жағалауында өседі, *Carex* туысының сиректеу кездесетін тірлеріне жатады.

Түйнекөлен (*Bolboschoenus*) туысы 2 түрден тұрады (*Bolboschoenus maritimus* (L.) Palla., *Bolboschoenus maritimus* (L.) Palla. var. *compactus* Egorova). Схеноплектус (*Schoenoplectus*) туысы 3 түрден тұрады, оның ішінде кен таралғаны *Sch. lacustris* (L.) Palla., *Sch. tabernaemontani* (C.C.Gmel.) Palla. Бұл түрлері кен таралған, барлық батпақты жерлерде, өзен жағалауында өседі.

Берілген шалғынды-батпақты өсімдіктердің жетекші туыстарына жататын тұқымдастарын 2 Суретте көрсетілген.



2 Сурет Тұқымдастарға жататын туыстар саны

Астралар тұқымдасы (*Asteraceae*) 9 туыспен сипатталған: андыз (*Inula*), түймешетен (*Tanacetum*), тікенқурай (*Cirsium*), итошаған (*Bidens*), сарысою (*Xanthium*), жусан (*Artemisia*), далазығыр (*Galatella*), майдажелек (*Erigeron*), мыңжыпырақ (*Achillea*). Бұршақ тұқымдасының (*Fabaceae*) құрамына 6 туыс кіреді: жоңышқа (*Medicago*), бұршақ (*Vicia*), беде (*Trifolium*), таспашөп (*Astragalus*), мия (*Glycyrrhiza*), әйкен (*Lathyrus*). Шатыршагүлділер тұқымдасы (*Apiaceae*) 5 туыспен сипатталған: сасыршөп (*Peucedanum*), балдырған (*Heracleum*), шытырман (*Oenanthe*), сужелкек (*Sium*), көкбас (*Eryngium*). Астықтар тұқымдасы (*Poaceae* Barnchart.) 5 туыспен сипатталған: бидайық (*Elytrigia*), қосбас (*Phalaroides*), қоңырот (*Poa*), ажырық (*Aeluropus*), камыс (*Phragmites*).

Сонымен, зерттеліп жатқан флораның өзіндік сипатына азғантай туыстардың түрлік байлық жағынан жетекші рөлі жатады. Сондай-ақ, аз түрлер есептелетін туыстар да сандық жағынан үстем болып табылады бір түрлі туыстардың 14 есептелінді (35,9%). Бір түрлі туыстардан тұратын тұқымдастарға жатады: бұршікбас (*Thelypteridaceae*), сүйсіндер (*Orchidaceae* Juss.), қайыңдар (*Betulaceae* S.Gray), қасқыржем (*Asparagaceae*), айр (*Acoraceae*).

Біздің зерттеулерге сәйкес шалғындық-батпақты өсімдіктердің өмірлік формалары қарастырылды. Шалғындық-батпақты өсімдіктердің 163 түрдің 145 түрі шөптесін өсімдіктер болып табылады, оның ішінде олардың басым көпшілігі көпжылдық - 121 түрі: (батпақты бұршікбас (*Thelypteris palustris* L.), кәдімгі қыранот (*Pteridium aquilinum* L.), батпақ қырықбуыны (*Equisetum palustre* L.), лаксман қоғасы (*Typha laxmanni* Lerech.), айылжапырақты қоға (*Typha angustifolia* L.), теңіз жағалық үштіс (*Triglochin maritima* L.), жерар елекшөп (*Juncus gerardii* Lois.), дөңгелек жемісті елекшөп (*Juncus sphaerocarpus* Nees.), альпілік елекшөп (*Juncus alpino-articulatus* Chaix.), кәдімгі жебежапырақ (*Sagittaria sagittifolia* L.), бақажапырақ алисма (*Alisma plantago-aquatica* L.) және т.б. (2 Кесте).

Бұталар 10 түрді құрады оларға жатады: төрткүлтелі мүкжидек (*Oxycoccus palustris* Pers.), аққайрақ (*Andromeda polifolia* L.), кәдімгі батпақты мирт (*Chamaedaphne calyculata* (L.) Moench.), құбашілік тал (*Salix cinerea* L.), сабау тал (*Salix viminalis* L.),

қызылтал (*Salix acutifolia* Willd.), үшаталық тал (*Salix triandra* L.), итмұрын (*Rosa canina* L.), шілік тал (*Salix rosmarinifolia* L.) көкшілсұр бүлдірген (*Fragaria viridis* Duch.).

Кесте 2 Шалғынды-батпақты өсімдіктердің тіршілік формалары

Тіршілік формалары	Түр саны
Ағаштар	7
Бұталар	10
Жартылай-бұта	1
Біржылдық шөптесін өсімдіктер	21
Екіжылдық шөптесін өсімдіктер	3
Көпжылдық шөптесін өсімдіктер	121
Барлығы	163

Кейбір өсімдіктер әрі екіжылдық әрі біржылдық болып келеді. Ондай өсімдікке қылды майдажелекті (*Erigerion strigosus* H.L.Muhl. ex. Willd) жатқызуға болады. Екіжылдық әрі көпжылдық өсімдікке сібір балдырғанын (*Heracleum sibiricum* L.) жатқызуға болады.


Ағаштарға 8 түрі жатады: кәдімгі шаған (*Fraxinus excelsior*), ақ тал (*Salix alba* L.), ешкі тал (*Salix caprea* L.), үшкір жапырақты тал (қызыл тал) (*Salix acutifolia* Willd.), қаракөк тал (*Salix pentandra* L.), американдық үйеңкі (*Acer negundo* L.).

Солтүстік Қазақстан облысында кездесетін шалғынды-батпақты өсімдіктердің хорологиялық талдау жүргізілді. Қазіргі заманғы таралуына сәйкес біз зерттеген өсімдіктердің барлық түрлері 9 географиялық топқа бөлінді: Еуразиялық, Азия-американдық, бореалдық, Еуропалық, Евросібірлік, Орталық-Азиялық, Голарктикалық, космополиттік, Солтүстікамерика-азиатты топтары [8].

Хорологиялық талдау нәтижелері бойынша диаграмма жасалды (3 Сурет). Хорологиялық талдау бойынша ең көп таралған топтар: Евразиялық - 48 түр (29,4%), Космополиттік – 31 түр (19,1%), евросібірлік топ – 30 түр (18,4%), екенін көруге болады. Бұл факт облыстың, әсіресе оның солтүстік бөлігінің флорасын қосуда гумидті орталықтардың рөлі зор екенін көрсетеді. Өсімдік жамылғысындағы флораның гумидті элементтері әдетте ерекше, қосымша ылғалданған мекендейтін жерлерге байланысты экологиялық позицияларды алып келеді және қарағай және ұсақ жапырақты ормандардың, шалғындардың қоғамдастығын, жағалау-су өсімдіктерінің кешендерін және батпақты ценокомплексерді құрайды (4 Сурет).

Азия – американдық топ – Сібір, Қиыр Шығыс, Моңғолия, Орта және Орталық Азия, Солтүстік Америка аумағында таралған. Осы топтан СҚО аумағында 11 түр таралған (6,74 %): май қоға (*Typha latifolia* L.), теңіз жағалық үштіс (*Triglochin maritima* L.), батпақты үштіс (*Triglochin palustre* L.), қарабидай қиякөлең (*Carex secalina* Willd.), сұңғақ ұлпабас (*Eriophorum gracilis* Koch.) және тағы басқада түрлер жатады.

Бореалдық топ – Еуропа аумағында Жерорта теңізін қоспағанда, Азия мен Солтүстік Американың тропиктік аймақтарынан басқа жерлерде кездеседі. Осы топқа 3 түр (1,8%) жатқызылды. Оларға жатады: батпақ атбұршағы (*Lathyrus palustris* L.), жалған қоғашық (*Carex pseudocyperus* L.), бозғылт жылтыршөп (*Luzula pallescens* (Wahl.) Bess.).



Сурет 3 СҚО шалғынды-батпақты өсімдіктердің таралуының талдауы

Еуразиялық топ – Еуразия аумағында кеңінен кездесетін түрлер. Бұл топқа 48 түр енгізілді (29,4%). Осы топтың өкілдері: лаксман қоғасы (*Typha laxmanni* Lerech.), кәдімгі жебежапырақ (*Sagittaria sagittifolia* L.), жағалық қиякөлең (*Carex riparia* Curtis.), биік қиякөлең (*Carex elata* All.), екіүйлі қиякөлең (*Carex dioica* L.), доңызөлең (*Carex praecox* Schreb.), талжапырақ андыз (*Pentanema salicinum* L.) түрлер жатады.

Еуразиялық топтың өкілі плиоценттік реликті, Қызыл кітапқа енгізілген және қорғауға қажетті болатын өсімдіктердің бірі - бұйра лилия (*Lilium martagon* L.). Бұйра лалагүл (лилия мартагон, *Lilium martagon* L.) популяциясы Ташкетка аулының Есіл жағалауындағы қайыңды орманда табылған. *Lilium martagon* L. популяциясы шамамен 20 дананы құрайды, олардың арасында жас вегетативті, сонымен қатар жеміс беретіндері де бар. Қызыл кітапқа енетін өсімдіктер популяциясының жай-күйіне одан әрі мониторинг жүргізген жөн (4 Сурет).



4 Сурет Бұйра лалагүл (*Lilium martagon* L.)

Голарктикалық топ – Еуразия және Солтүстік Америка аумағында Солтүстік жарты шарда таралу аймағы бар түрлер. Оған 17 түрі (10,5%) енгізілген, мысалы:

батпақты бүршікбас (*Thelypteris palustris* (L.) Schott.), өзен қырықбуыны (*Equisetum fluviatile* L.), түпті қиякөлең (*Carex cespitosa* L.), жіңішке жапырақты ұлпабас (*Eriophorum angustifolium* Honck.), шалшық қоңырот (*Poa palustris* L.) және тағы басқада түрлер жатады.

СҚО-ның аймағында *Thelypteris palustris* (L.) Schott. сирек кездесетін түрлерге жатады, тек қана шымтезек батпақтарда (Мамлют ауданы), бұтақты батпақтарда, ылғалды шалғынды өзен жағалауында өсетін өсімдік. Бұл түрі көптеген аймақтарда (Армения, Молдова, Украина, Тәжікстан Республикаларында, көрші Ресей Федерацияның Краснояр, Алтай өлкесі, Төмен, Томск, Қорған, Омба облыстарында) Қызыл кітаптарына енгізілген. Қорғау қажетті түрлерге жатады.

Космополиттік топ – таралуы бойынша жер шарының ауқымды аймағын, яғни көп бөлігін қамтитын ареал түрлері. Бұл топқа 31 түр жатқызылды, бұл түрлердің жалпы санының 19,01% құрайды. Космополиттік түрлерге жатады: батпақ қырықбуыны (*Equisetum palustre* L.), айылжапырақты қоға (*Typha angustifolia* L.), омбы қиякөлеңі (*Carex omskiana* Meinsh.), қынапты ұлпабас (*Eriophorum vaginatum* L.), кәдімгі жебежапырақ (*Sagittaria sagittifolia* L.) және тағы басқада түрлер жатады.

Солтүстікамерика-Азиаттық топ – Сібір, Қиыр Шығыс, Моңғолия, орта және Орталық Азия, Солтүстік Америка аумағында таралған. Осы топтан СҚО аумағында 2 түр таралған (1,2%): биік андыз (*Inula helenium* L.), түкті дәнді қиякөлең (*Carex lasiocarpa* Ehrh.).

Евросібір тобы - Еуразия мен Сібірдің аумағында өсетін түрлер. Біз 30 түрді (18,4%) жатқызды. Оларға жатады: жерар елекшөп (*Juncus gerardii* Lois.), бақа елекшөп (*Juncus bufonius* L.), батпақ жылантәмір (*Epipactis palustris* (L.) Crantz.), түкті күреңот (*Epilobium hirsutum* L.), тарауыз таспашөп (*Astragalus stenoceras* C.A.Mey.), тегіс көкбас (*Eryngium planum* L.), ұзынжапырақты бөденешөп (*Veronica longifolia* L.), сортаң бақажапырақ (*Plantago salsa* Pall.) және тағы басқада түрлер жатады.

Қорытынды

Осылайша, зерттеудің барлық кезеңінде шалғынды - батпақты өсімдіктер жалпы тізімі 38 тұқымдас, 89 туыс, 163 түр. Жетекші тұқымдастарына кіреді: қиякөлең (*Cyperaceae* Juss.) – 28 түр (барлық флораның 17,5%), бұршақ (*Fabaceae*) – 21 түр (13,13%), қарақұмық (*Polygonaceae* Lindl.) – 14 түр (8,8%), күрделігүлділер (*Asteraceae*) – 10 түр (6,25%), елекшөптер (*Juncaceae* Juss.) және талдар (*Salicaceae* Mirb.) – 8 түрден (5%), астық (*Poaceae* Barnchart.) және шатыршагүлділер (*Apiaceae*) – 6 түрден (3,8%), ерінгүлділер (*Lamiaceae* Lindl.) – 5 түр (3,09%).

Зерттеулерге сәйкес шалғындық-батпақты өсімдіктердің 145 түрі шөптесін өсімдіктер болып табылады, оның ішінде олардың басым көпшілігі көпжылдық - 130 түрі, біржылдық шөптесін өсімдіктер - 21 түр, екіжылдық шөптесін өсімдіктер – 3 түр: сібір балдырғаны (*Heracleum sibiricum* L.), су шытырман (*Oenanthe aquatica* L.), қылды майдажелек (*Erigerion strigosus* H.L.Muhl.), ағаштар 7 түр, бұталар 10 түрді құрады.

Хорологиялық талдау нәтижелері көрсеткендей ең көп таралған топтар: Евразиялық - 48 түр (29,4%), Космополиттік – 31 түр (19,1%), Евросібірлік топ – 30 түр (18,4%), Голарктикалық топ - 17 түр (10,5%), Европалық топ – 14 түр (7,4%), Азия - американдық - 11 түр (6,74%) екенін көруге болады.

Қызыл кітапқа енгізілген бұйра лалагүл (*Lilium martagon* L.) және біздің облысымызда сирек кездесетін өсімдік кәдімгі қырлышөп (*Polygonatum odoratum* (Mill.) Druce.) даналары табылды.

Әдебиет:

1. Қазақстан өсімдіктерінің иллюстрацияланған анықтағышы. 1 т.- Алматы: Ғылым, 1969. - 644 б.
2. Қазақстан өсімдіктерінің иллюстрацияланған анықтағышы. 2 т. - Алматы: Ғылым, 1972. - 571 б.
3. Арыстанғалиев С.А., Рамазанов Е.Р. Қазақстан өсімдіктері .- Алматы: Ғылым, 1977. – 288 б.
4. Қазақстанның өсімдік жамылғысы. 1 т. - Алматы: Ғылым, 1966. - 592 б.
5. Солтүстік Қазақстан облысының энциклопедиясы. - Алматы: Арыс, 2004. - 672 б.
6. Тілеубергенова Г.С., Кузнецова М.А. Солтүстік Қазақстан облысының флорасы мен өсімдіктану: монография. - Петропавл: М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, 2017. - 150 б.
7. Мақұм Н.Н., Тілеубергенова Г.С. СҚО-ның шалғынды-батпақты өсімдіктері // «Жаратылыстану және ауыл шаруашылық ғылымдары саласындағы ғылым мен білімнің өзекті мәселелері» атты академик Қ. Тәшеновтың 90 жылдығына арналған VII халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. - Петропавл, 2019. – 265-267 б.
8. Мақұм Н.Н. СҚО Қызылжар және Мамлют аудандарындағы Есіл өзені мен көлдерінің шалғынды-батпақты қауымдастығының алуантүрлілігінің сипаттамасы. Магистрлік диссертацияның авторефераты. - Петропавл, 2020. – 7 б.

ӘОЖ 636.32
ҒТАМР 68.39.31

ҚАРАКӨЛ ҚОЙЫ ПОПУЛЯЦИЯСЫНДАҒЫ ПОЛИМОРФИЗМ

Е. Байбеков¹

¹Қ.А. Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан, Қазақстан

Аңдатпа

Мақалада Қаратау өңірінде өсірілетін қой популяциясының түсі бойынша полиморфизмін және олардың сыртқы ортада бейімделу нәтижелері келтірілген. Интенсивті қара түсті қойлар салмағы және экстерьер көрсеткіштері жоғары болды. Мұнда қоңыр қара түсті қойлар салмағы және экстерьер көрсеткіштері төмен болды. Қаракөл қойларын конституциялық типтері бойынша жіктегенде, олардың арасында мықты типтегі қойлар үлесі жоғары болып, 66,7-68,9% құрады. Ал нәзік типтегі қойлар үлесі төмен болып, 8,9-16,6% құрады.

Қозы салмағының жасына байланысты өсу динамикасын зерттегенімізде, олардың туған кезіндегі салмағы 4,1-4,4кг, ал 1 айлық жасындағы салмағы 13,0 кг -14,2 кг құрады. Мұнда интенсивті қара түсті қошқарлар салмағы жоғары болды, туған кезіндегі салмағы 5,1кг, 1 айлық кезіндегі салмағы 14,2кг болды. Мұнда жеке генетикалық топтар бойынша дене өлшемдерінің жоғары көрсеткіштері интенсивті қара түсті қошқарлар ұрпағындағы қозылар арасында байқалды. Оларда шоқтық биіктігі -41,2см, тұрқының қиғаш ұзындығы -34,4см, кеуде енділігі -10,6см, кеуде тереңдігі -14,6см, кеуде орамы -43,9см, жіліншік орамы 5,7см құрады.

Түйінді сөздер: полиморфизм, генетикалық топтар, генетикалық топтар, дене өлшемдері, интенсивті қара, тірі салмағы, динамика.

ПОЛИМОРФИЗМ В ПОПУЛЯЦИИ КАРАКУЛЬСКОЙ ОВЦЫ

Байбеков Е.¹

¹Международный казахско-турецкий университет им. А. Ясауи,
Туркестан, Казахстан

Аннотация

В статье приведены полиморфизм по цвету популяции овец, выращиваемых в Каратауском регионе, и результаты их адаптации во внешней среде. Интенсивные черные овцы были высокими весами и показателями экстерьера. Здесь у баранов темно-коричневого цвета вес и показатели экстерьера были низкими. При классификации каракульских овец по конституционным типам, среди них высокая доля овец крепкого типа и составила 66,7-68,0%. А доля овец нежного типа низкая и составила 8,9-16,6%.

При исследовании динамики роста ягнят в зависимости от возраста, их вес при рождении составил 4,7-5,1 кг, а в возрасте 1 месяца-13,0 кг-14,2 кг. Вес Баранов интенсивного черного цвета был выше, вес при рождении составил 5,1 кг, вес за 1 месяц составил 14,2 кг. Здесь высокие показатели размеров тела по отдельным генетическим группам наблюдались среди ягнят в потомстве Баранов интенсивного черного цвета. В них высота в холке-41,2 см, косая длина туловища -34,4 см, ширина груди -10,6 см, глубина груди -14,6 см, обмотка груди -43,9 см, обмотка туловища-5,7 см.

Ключевые слова: полиморфизм, генетические группы, генетические группы, размеры тела, интенсивный черный, живая масса, динамика.

POLYMORPHISM IN THE POPULATION OF KARAKUL SHEEP

E. Baibekov¹¹*International Kazakh-Turkish University named after A. Yasavi,
Turkistan Kazakhstan*

Abstract

The article presents the color polymorphism of the population of sheep raised in the Karatau region, and the results of their adaptation in the external environment. Intense black sheep was highest weights and the testimony of the exterior. Here, the dark brown rams' weight and exterior indicators were low. When classifying Karakul sheep by constitutional types, among them a high proportion of sheep of the strong type was 66.7-68.0%. And the share of sheep of the tender type is low and amounted to 8.9-16.6%.

When studying the growth dynamics of lambs depending on age, their birth weight was 4.7-5.1 kg, and at the age of 1 month-13.0 kg-14.2 kg. The weight of rams of intense black color was higher, the birth weight was 5.1 kg, the weight for 1 month was 14.2 kg. Here, high indicators of body size for certain genetic groups were observed among lambs in the offspring of rams of intense black color. They height was 41.2 cm, oblique body length -34,4 cm, breast width -10,6 cm, depth of chest -14,6 cm, winding of breast -43,9 cm, winding of trunk-5.7 cm.

Key words: polymorphism, genetic groups, genetic groups, body size, intense black, live weight, dynamics.

Кіріспе

Жануарлардың эволюциясы ағзаның сыртқы орта факторларымен тікелей өзара қатынасында жүреді. Сондықтанда малдардың және олардың жекелеген белгілерінің дамуы малдардың өсуі мен дамуы жүретін, сыртқы ортаға едәуір дәрежеде байланысты болып келеді. Жануарлардың конституциясын малдың ортаға бейімділік дәрежесін білдіреді. Жеке дамуының әр кезеңінде комплексті зерттегенде, оның бұл белгі бойынша өзгеріп отыратыны анықталды. Қазіргі жануарлардың қолданылып жүрген жүнді конституциялық: нәзік, мықты және дөрекі типтерге бөледі. Сонымен бірге малдың тірі салмағы, дене бітімінің өлшемі, ішкі мүшелері, тері-талшық параметрлері, қан морфологиясы, көбею функциясы жеке конституциялық типтерде қойды тұқымға іріктеуде дәл анықтауға мүмкіндік береді [1, 2].

Жануарлар генотипі эмбрионалдық кезеңде қалыптасып, постэмбрионалді кезеңде сыртқы орта факторларымен тұрақты түрде өзара әсерлесуге түседі. Жануарлар ағзасына әсер ететін факторлар үш топқа жіктелінеді, олар-абиотикалық, биотикалық, антропогендік. Абиотикалық факторларға жарық, температура, ылғалдық, күн сәулесі, жауын, жел, атмосфералық қысым, судың химиялық құрамы, атмосфера, топырақ жатады. Орта факторларының амплитудасы шер шарының барлық аймағында бірдей болмайды, олар жерге күн сәулесінің түсу дәрежесіне байланысты. Мысалы, күн сәулесінің әсері экваторда барынша жоғары болса, ал жердің полюстерінде оның әсері барынша азаяды. Осыған орай, жер шарының әркелкі аймағында өсірілетін жануарлар генетикалық қасиеттері біркелкі болмайды [1, 2].

Ауа-райы факторы мен жайылымдық-малазығы жағдайының ауытқуы, белгілі бір дәрежеде жануарлардың дамуын, тұлғасының өзгеруіне, тіршілігіне ықпалын тигізеді. Бірақ та, әр белгі бұл өзгеріп жатқан орта факторларына әркелкі сезінеді. Мұнда, осы факторлар белгілердің дамуына ықпалын тигізсе, басқалары, керісінше олардың дамуын тежейді. Осыдан келе, жануарлар тұлғасының өзгеруіне паратиптік факторлардың тигізер әсерін зерттеу барысында, ағзаның тұқым

қуалағыштық мүмкіншіліктері толық көрініс беретіндей, сыртқы орта жағдайын қалыптастыру керек [2, 3].

Қаратау аймағы климаты континентальді, қысы суық, жазы аптаған ыстық. Мұнда, қыстағы желтоқсан және қаңтар айларындағы жоғарғы температура $-38 - 40^{\circ}\text{C}$ жетсе, жаздық шілде айларында ауа температурасы $+43 +45^{\circ}\text{C}$ көтеріледі. Ауа температурасының жылдық амплитудасы $80-85^{\circ}\text{C}$, оның орта көрсеткіші $+8,7^{\circ}\text{C}$. Ауаның орташа салыстырмалы ылғалдылығы қыс, көктем мезгілдерінде 65-70% құраса, оның мөлшері жаз кезеңінде 10-20 % төмендейді. Сонымен бірге, шығыстан және солтүстік-шығыстан күшті жел тұрады, оның жылдық орташа жылдамдығы 3,5 м/сек. Күшті желдің көктем, жаз айларында тұруы жердің ылғалын кептіріп, қуаңшылық әкелсе, қыс кезіндегі жел қарлы боран әкеліп малды шығынға ұшыратады. Ауа райын болжайтын метеорологиялық станциясының мәліметі бойынша жауын-шашынның орташа жылдық мөлшері 130-140 мм, ылғалдың көп бөлігі қыста және ерте көктемде түседі.

Зерттеудің мақсаты: Қаратау өңірінде өсірілетін қой популяциясының түсі бойынша полиморфизмін және олардың сыртқы ортада бейімделу процесін зерттеу. Міндеттері: Қаратау өңірінің табиғи климаттық ортаның сипаты және жайлымдық жағдай; қой популяциясының полиморфизмі: шымқай қара, орта қара және қара қоңыр сипаты; шымқай қара, орта қара және қара қоңыр түсті қойлардың өсуі, даму ерекшеліктері; жеке топтардан алынған статистикалық мәліметтерді биометриялық өңдеу.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Алғаш рет қаракөл қойларын түсі бойынша полиморфизмі зерттелінді. конституциялық типтері бойынша жіктегенде олардың арасында мықты типтегі қойлар үлесі жоғары болып 66,7-68,0% құрады. Олардың арасында нәзік типтегі қойлар үлесі төмен болып 8,9-16,6% құрады.

Зерттеу әдістері

Зерттеудің тәжірибе бөлімі Түркістан облысының қаракөл қойын өсіруге мамандандырылған шаруашылығында өткізілді. Зерттеуге жергілікті қойларлардың жүн пигментациясының қанықтылығы бойынша жеке топтарға бөлінді: шымқай қара қойлар - 36 бас, орта қара қойлар -35 бас және қара –қоңыр қойлар -34 бас. Қаракөл қойының өсуіп – жетілуі 1 – 3 күндігінде, 4 – 4,5 айлығында және 1,5 жасында оның салмағы, дене өлшемдері – қиғаш ұзындығы, шоқтығының биіктігі, аяқтарының орамы, кеуде орамын өлшеу арқылы анықталды [4]. Алынған сандық мәліметтер Е.К. Меркурьева вариациялық статистика әдісімен [5] өңделді.

Зерттеу нәтижелері

Біз тәжірибемізде Қаратау аймағында өсірілетін қара түсті қаракөл қойының популяциясының жүн жамылғысының пигментациясы бойынша плиморфизмі сарапталынды. Пигментация қанықтылығы бойынша қойлар үш топқа жіктелді: шымқай қара; орта қара; қара –қоңыр. Осы жеке топтағы қаракөл қойларының жеке даму көрсеткіштері мен оның ұрпағының өсіп –дамуы зерттелінді. Қаратау өңірлерде өсірілетін қаракөл қойларының жасына байланысты тірілей салмағының өзгеру динамикасы сарапталынды (1 Кесте).

Кесте 1 Қаратау өңірлердегі қаракөл қойларының жасына байланысты тірілей салмағының динамикасы, килограмм есебімен

Мал тобы (жасы бойынша)	Полиморфизм типтері		
	Шымқай қара қойлар	Орта қара қойлар	Қара қоңыр қойлар
Туылған кезінде	4,4±0,03	4,3±0,03	4,1±0,02
1 айлық жасында	9,8±0,2	9,7±0,2	9,5±0,3
4,5- айлық жасында	30,1±0,4	29,4±0,4	28,0±0,4
1 жасар	32,9	31,9	30,1
Ірі саулықтар	51,6±0,6	50,8±0,6	48,7±0,5
Ірі қошқарлар	80,2±0,8	77,4±0,8	72,8±0,7

Генотиптері әркелкі қаракөл қойларының жасына байланысты тірілей салмағының өзгеру динамикасы бірдей болған жоқ. Жаңа туған қозылар салмағы 4,1-4,4 кг аралығында болды. Мұнда туған кезіндегі қозылардың жоғарғы салмағы 4,4 кг популяциясы қойлары төлдерінде тіркелді. Ал ең төменгі салмақ көрсеткіші 4,1 кг қара-қоңыр қозыларда байқалды.

Қаратау өңірлердегі қаракөл қойларының тірі салмағының абсолюттік өсімі сарапталынды (2 Кесте).

Кесте 2 Қаратау өңірлердегі қаракөл қойларының тірі салмағының абсолюттік өсімі, килограмм есебімен

Полиморфизм типтері	Қой жастары			
	туылғаннан 1 айлық жасына дейін	1 айлық - 4,5- айлық жасына дейін	4,5- айлық – 1 жасқа дейін	1 жастан 5 жасқа дейін
Шымқай қара қойлар	5,4	20,3	2,8	18,7
Орта қара қойлар	5,4	19,7	2,5	18,9
Қара қоңыр қойлар	5,4	18,5	2,1	18,6

Ғалымдардың пікірі бойынша, жануарлардың потенциалды мүмкіндігі қолайлы сыртқы орта жағдайының қалыптасуынан толық көрініс бермейді. Мал ағзасының бүткіл онтогенездік даму кезеңдері нәсілдік информацияның көмегімен ретімен ауысып отыратын күрделі морфологиялық, физиологиялық өзгерістер тізбегі. Бұл процестердің ауысуындағы реттік тізбек мал ағзасының сыртқы орта факторларының өзгерісіне барынша қалыптасып отыруына мүмкіндік береді.

Қаратау табиғи экологиялық аймақтардағы қаракөл қойларының дене бітімі өлшемдері – иық биіктігі, кеуде орамы, тұрқының ұзындығы, сирақ орамы бойынша сарапталынды (3 Кесте).

Кесте 3 Қаратау табиғи экологиялық аймақтардағы қаракөл қойларының дене бітімі көрсеткіштері, сантиметр есебімен

Дене өлшемдерінің атаулары	Қойлар жасы	Полиморфизм типтері		
		Шымқай қара қойлар	Орта қара қойлар	Қара қоңыр қойлар
Иық биіктігі	туылған кезде	39,2±0,3	39,0±0,3	38,2±0,3
	1 жаста	66,7±0,5	66,3±0,5	64,4±0,4
Кеуде орамы	туылған кезде	39,6±0,3	39,3±0,3	37,8±0,2
	1,0 жаста	77,4±0,4	77,0±0,4	75,5±0,4
Тұрқының ұзындығы	туылған кезде	33,6±0,3	33,4±0,3	32,6±0,3
	1,0 жаста	76,8±0,5	76,6±0,5	75,5±0,5
Сирақ орамы	туылған кезде	5,4±0,2	5,4±0,2	5,2±0,1
	1,0 жаста	8,5±0,3	8,5±0,3	8,3±0,3

Жалпы алғанда қаракөл қойларының дене бітімінің көрсеткіштері төмендегідей болды: иық биіктігі қозылардың туған кезінде -38,2-39,2см, 4,5 айлық жаста -58,8-61,4см, бір жаста -64,4-66,7см; кеуде орамы көрсеткіштері сәйкесінше - қозылардың туған кезінде -37,8-39,6см, 4,5 айлық жаста -63,7-65,5см, бір жаста -75,5-77,4см; тұрқының ұзындығы - туған кезінде -32,6-33,6см, 4,5 айлық жаста -63,5-64,5см, бір жаста -75,5-76,8см; сирақ орамы- туған кезінде -5,2-5,4см, 4,5 айлық жаста -7,0-7,1см, бір жаста- 8,3-8,5см құрады.

Аталған қой топтары арасында популяциясының жануарларының дене бітімінің көрсеткіштерін динамикасын туған кезінен, 4,5 айлық және бір жасында жоғары деңгейін сақтады. Дене бітімінің төменгі көрсеткіштер динамикасын туған кезінен, 4,5 айлық және бір жасында дейін қара қоңыр қойларында байқалды.

Бұл типтегі қойлар дөрекі және берік типтердегі қойлардан салыстырмалы түрде сүйегінің жеңілдігімен, дене бітімі ерекшеліктерінің аз жетілгенімен және тірі салмағының аздығымен ерекшеленеді. Бұл типтегі қойлардың жамылғы түгі тығыз, құрамындағы түбіттің мөлшері жоғары, әлсіз қырау шалған қысқа қылшық. Дөрекі және берік типтегі қойларға қарағанда нәзік типті қойлардың түбіті дөрекілеу, қылшығы жіңішке, жүнінің беріктігі аз үзілу ұзындығымен сипатталады.

Қаракөл қойының конституциясы оның ағзасының биологиялық ерекшеліктерін анықтауды қамтамасыз етеді және малдың жеке даму кезеңіндегі сыртқы ортаның жағдайларына бейімделу қабілетін көрсетеді. Қаратау табиғи экологиялық аймағында өсірілетін қаракөл қойлары конституциясы бойына жіктелуі сарапталынды (4 Кесте).

Кесте 4 Қаратау табиғи экологиялық аймағында өсірілетін қаракөл қойларының конституциясы бойынша жіктелуі

Қойлардың конституциялық типтері	Полиморфизм типтері		
	Шымқай қара реңді	Орта қара реңді	Қара қоңыр реңді
Нәзік тип	8,9±4,2	10,0±4,2	16,6±5,7
Мықты тип	68,9±6,9	68,0±6,6	66,7±7,3
Дөрекі тип	22,2±6,2	22,0±5,8	16,7±5,7

Қаракөл қойларын конституциялық типтері бойынша жіктегенде олардың арасында мықты типтегі қойлар үлесі жоғары болып 66,7-68,9% құрады. Олардың арасында нәзік типтегі қойлар үлесі төмен болып 8,9-16,6% құрады.

Белгі шамасы тұқым қуалайды және кез-келген белгі – бұл генотиптің нақты орта жағдаймен әрекеттесу нәтижесі, және тұқым қуалау коэффициенті жоғары белгілер генотип пен ортаның әлсіз әрекеттесуін көрсетеді. Малдарды мұндай белгілері бойынша селекциялық бағалау, егер олар жаңа жағдайға тап болса өзгермейді немесе аз өзгереді. Ал тұқым қуалауы төмен белгілер генотип пен ортаның анық әрекеттесуін көрсетеді және осыдан келе малдарды бұндай белгілері бойынша бағалау әр түрлі жағдайларда сәйкес келмейді. Жануарлардың тіршілік ортасының сыртқы жағдайлары өзгермей тұрып, белгілер өзгеріске ұшырамайды, ағзаны өсіру анасының құрсағынан бастама алады және азықтандыру мен күтіп-бағу амалдарына қарай әркелкі бейімділікке ие болуы мүмкіндігін анықтайды.

Конституция типтері әркелкі қой популяцияларының салмағы бойынша жіктелуі сарапталынды. Қой популяцияларының конституциялық типтері бойынша жіктегенде олардың салмақ көрсеткіштері әркелкі болды (5 Кесте).

Кесте 5 Конституция типтері әркелкі қой популяцияларының салмағы бойынша жіктелуі, килограмм есебімен

Конституция типтері	Полиморфизм типтері		
	Шымқай кара қойлар	Орта кара қойлар	Қара қоңыр қойлар
Берік типті	4,5±0,03	4,4±0,03	4,2±0,02
Қопал типті	4,8±0,04	4,6±0,04	4,5±0,03
Нәзік типті	4,3±0,03	4,4±0,03	4,0±0,02

Берік конституциялық типтегі қойлардың салмағы орташа деңгейде 4,2-4,5 кг аралығында болса, дөрекі конституциялық типтегі қойлардың салмағы жоғары деңгейде 4,5-4,8 кг құрады, ал нәзік конституциялық типтегі қойлардың салмағы төмен деңгейде 4,0-4,3 кг болды.

Дөрекі конституциялық типтегі қойлардың сүйегі ауыр және басы дөрекі келіп, дене бітімінің ерекшеліктерінің дамуы бойынша және тірі салмағы бойынша басқа түзіліс типтеріндегі қойлардан асыңқы тұрады. Азықтандыру дәрежесін жақсартқанда баяу оңалады да, жайып семірту жағдайы нашарлағанда салмағын және құйрығында жиналған май қорын жылдам жоғалтады.

Қортынды

Алғаш рет қаракөл қойларын түсі бойынша полиморфизмі зерттелінді. конституциялық типтері бойынша жіктегенде олардың арасында мықты типтегі қойлар үлесі жоғары болып 66,7-68,0% құрады. Олардың арасында нәзік типтегі қойлар үлесі төмен болып 8,9-16,6% құрады. Генотиптері әркелкі қаракөл қойларының жасына байланысты тірілей салмағының өзгеру динамикасы бірдей болған жоқ. Жаңа туған қозылар салмағы 4,1-4,4 кг аралығында болды. Мұнда туған кезіндегі қозылардың жоғарғы салмағы 4,4 кг популяциясы қойлары төлдерінде тіркелді. Ал ең төменгі салмақ көрсеткіші 4,1 кг кара-қоңыр қозыларда байқалды.

Әдебиет:

1. Красота В.П., Лобанов В.Т., Джапаридзе Т.Г. Разведение сельскохозяйственных животных. - М.: Колос, 1983. - 414 с.
2. Умурзаков Т.У. Изменчивость признаков и селекция каракульских овец. – Алматы: Ғылым, 1992. - 230 с.
3. Байбеков Е., Дайрабаев Р.А., Боранбаева Л.Р., Тойжигшитова Б.Б., Умиров Б.З. Эволюциялық биология. Оқу құралы. Шымкент: Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ «Тұран», 2019, 131 б.
4. Борисенко Е.Я. Разведение сельскохозяйственных животных. – М.: Сельхозгиз, 1952. – С. 486.
5. Меркурьева Е.К. Биометрия в селекции и генетике сельскохозяйственных животных. – М.: Колос, 1970. – 423 с.

УДК 631.8
МРНТИ 68.33.29**ВЛИЯНИЕ РАЗНЫХ ДОЗ МИНЕРАЛЬНЫХ УДОБРЕНИЙ
НА ФОРМИРОВАНИЕ НАДЗЕМНОЙ МАССЫ ЛЮЦЕРНЫ СЕРПОВИДНОЙ
В УСЛОВИЯХ МЕРЗЛОТНЫХ ЗАСОЛЕННЫХ ПОЧВ ЯКУТИИ****Осипова В.В.¹**¹*Октемский филиал Арктического ГАТУ, Якутск, Россия***Аннотация**

Широкое производственное внедрение люцерны на мерзлотных почвах сельскохозяйственного использования Якутии – проблема первостепенной важности. Большое значение для экстремальных условий Якутии имеет ее солее- и засухоустойчивость. Для решения поставленной цели (обосновать влияние разных доз минеральных удобрений на развитие люцерны серповидной) были решены следующие задачи: определить влияние разных доз минеральных удобрений на формирование листовой поверхности и урожая кормовой массы люцерны. В качестве опытного объекта послужил сорт люцерны серповидной Якутская желтая. В результате проведенных исследований было установлено положительное влияние минеральных удобрений на развитие площади листовой поверхности растения, формирование урожайности кормовой массы и облиственности растений; однако, внесение разных доз минеральных удобрений не оказывает существенного влияния на образование побегов; отмечена полная связь между урожаем зеленой массы и площадью листьев, сильная зависимость урожая зеленой массы от облиственности и средняя отрицательная зависимость урожая зеленой массы от количества побегов.

Ключевые слова: люцерна, минеральные удобрения, дозы внесения, урожайность, площадь листовой поверхности.

**АЛФЕРА КОЛУМНАСЫНЫҢ СУРФАЦИЯЛЫҚ МАСЗАЛАРЫНЫҢ
ЖАСАЛУЫ ЖӨНІНДЕГІ ӨНДІРІСТІК ӨНІМДЕРДІҢ ТӘРТІРЛІГІНІҢ
ЖАҢА ТҮСІНДІГІ****В.В. Осипова¹**¹*Арктика МАТУ Октемск филиалы, Якутск, Ресей***Аңдатпа**

Якутияда ауылшаруашылық мақсатта пайдалану үшін жоңышқаны мәңгі аязды топырақта кеңінен өндіріске енгізу бірінші кезектегі маңызды мәселе болып табылады. Якутияның төтенше жағдайлары үшін оның тұзды және құрғақшылыққа төзімділігі өте маңызды. Осы мақсатқа жету үшін (әртүрлі мөлшердегі минералды тыңайтқыштардың орақ тәрізді жоңышқа дамуына әсерін негіздеу үшін) келесі міндеттер шешілді: минералды тыңайтқыштардың әр түрлі дозаларының жапырақ бетінің қалыптасуына және жоңышқа дақылдарының өнімділігіне әсерін анықтау. Эксперимент нысаны ретінде Якутск сары жоңышқасының орақ тәрізді түрі болды. Зерттеулер нәтижесінде минералды тыңайтқыштардың өсімдіктің жапырақты беткей аймағының дамуына, жемшөп массасы мен өсімдіктердің жапырақтары шығымдылығына оң әсері анықталды; алайда минералды тыңайтқыштардың әртүрлі дозаларын қолдану қашудың пайда болуына айтарлықтай әсер етпейді; Жасыл масса шығымдылығы мен жапырақ алаңы арасындағы толық байланыс, жасыл масса шығымдылығының жапыраққа қатты тәуелділігі және жасыл массаның түсімділігінің қашу санына орташа теріс тәуелділігі көрсетілген.

Түйінді сөздер: жоңышқа, минералды тыңайтқыштар, қолдану дозасы, шығымдылығы, жапырақ бетінің ауданы.

**INFLUENCE OF DIFFERENT DOSES OF MINERAL FERTILIZERS
ON THE FORMATION OF THE SURFACE MASS OF ALFALFA COLUMNIZED
UNDER CONDITIONS OF FROZEN SALTED SOILS OF YAKUTIA**

V.V. Osipova¹

¹Oktensky branch of the Arctic SATU, Yakutsk, Russia

Abstract

The widespread production introduction of alfalfa on permafrost soils for agricultural use in Yakutia is a problem of paramount importance. Of great importance for the extreme conditions of Yakutia is its salt and drought tolerance. To achieve this goal (to justify the effect of different doses of mineral fertilizers on the development of sickle-shaped alfalfa), the following tasks were solved: to determine the effect of different doses of mineral fertilizers on the formation of the leaf surface and crop yield of alfalfa. As an experimental object served as a grade of alfalfa sickle-shaped Yakutsk yellow. As a result of the studies, a positive effect of mineral fertilizers on the development of the leaf surface area of the plant, the formation of the yield of fodder mass and foliage of plants were established; however, the application of different doses of mineral fertilizers does not significantly affect the formation of shoots; the complete relationship between the green mass yield and leaf area, the strong dependence of the green mass yield on leafiness and the average negative dependence of the green mass yield on the number of shoots are noted.

Key words: alfalfa, mineral fertilizers, application doses, yield, leaf surface area.

Введение

Люцерна – лучший предшественник для зерновых и овощных культур, и ее посевы желательны во всех видах севооборота [1]. Большое значение для экстремальных условий Якутии имеет ее солее- и засухоустойчивость [2, 3]. При широком введении ее в культуру появится возможность поставить на службу сельскому хозяйству многие тысячи гектаров засоленных земель в долинах р. Лены, поэтому широкое производственное внедрение люцерны на мерзлотных почвах сельскохозяйственного использования Якутии – проблема первостепенной важности [4].

Цель: обосновать влияние разных доз минеральных удобрений на развитие люцерны серповидной на мерзлотно-пойменных нейтральных и карбонатных в комплексе с пойменными засоленными почвами

Задачи:

- определить влияние разных доз минеральных удобрений на формирование листовой поверхности растений люцерны;
- определить зависимость урожая кормовой массы люцерны от внесения минеральных удобрений.

Место, условия, методика и объекты: опыты с люцерной проводились в учебном хозяйстве Октемского филиала Якутской ГСХА. По геоморфологическому районированию учебное хозяйство относится к центрально-якутской аккумулятивной равнине. Климат умеренно-континентальный. Среднегодовое количество осадков 200 мм. Суммарная радиация 95 ккал/см. Абсолютные максимальные температуры воздуха летом +38⁰С преобладающие направления ветра северные, северо-восточные. Среднемесячная температура января -40⁰С. Хозяйство расположено на левом берегу реки Лены, с густотой речной сети от 0,3-0,5 км. В основном преобладают мерзлотные пойменные нейтральные и карбонатные (пойменные дерновые включая дерново-глеевые) в комплексе с пойменными засоленными почвами.

Опыт был заложен 5 июля 2013 года. Объектом исследований являлся сорт люцерны серповидной Якутская желтая, районированный по республике [5].

Предшественник – картофель. Размер делянок 20 м², повторность четырехкратная, размещение вариантов систематическое. В опыте 5 вариантов с разными дозами минеральных удобрений: 1. Без удобрений; 2. N₃₀(PK)₆₀; 3. N₆₀(PK)₉₀; 4. (NPK)₉₀; 5. (NPK)₁₂₀, с шириной междурядий 45 см.

Результаты исследований

Данные опытов показали, что наибольшую площадь листовой поверхности в среднем за два года формировали растения на варианте с дозой N₆₀(PK)₉₀, где превышение по сравнению с контролем составила 37,8%. Наименьшая площадь листовой поверхности отмечена в 5 варианте с дозой (NPK)₁₂₀, где площадь ниже, чем на контроле на 10,4%. У остальных вариантов этот показатель на уровне контроля.

Таблица 1 Величина площади листовой поверхности люцерны в зависимости от минерального питания, тыс.м²/га

Варианты	Годы жизни		В среднем за все годы	
	II-й 2014 г.	III-й 2015 г.	тыс.м ² /га	В % от кК
1.(контроль)	18,9	35,0	27,0	100
2.(N ₃₀ (PK) ₆₀)	12,3	39,0	25,6	94,8
3.(N ₆₀ (PK) ₉₀)	29,4	45,0	37,2	137,8
4.(NPK) ₉₀	15,9	43,0	29,4	108,9
5.(NPK) ₁₂₀	15,3	33,0	24,2	89,6
НСР ₀₅	7,1	6,8	4,5	-

Внесение удобрений в дозе (NPK)₁₂₀ обеспечивает наибольшую облиственность – 42%, что превышает контроль на 27,2% (Табл. 2).

Таблица 2 Облиственность растений люцерны в зависимости от минерального питания, %

Варианты	Года жизни		В среднем за два года	
	2014 г.	2015 г.	%	В % от кК
1.(контроль)	30,0	36,0	33	100
2.(N ₃₀ (PK) ₆₀)	34,0	35,0	34	103
3.(N ₆₀ (PK) ₉₀)	39,0	37,0	38	115,1
4.(NPK) ₉₀	30,0	35,0	32	96,9
5.(NPK) ₁₂₀	45,0	39,0	42	127,2
НСР ₀₅	9,2	6,1	7,3	-

Посевы люцерны позволили получить урожай сухой массы со 2-го года пользования, за лето - один укос. В среднем за два года наибольший урожай сухой массы обеспечивает вариант в дозе (NPK)₁₂₀ - 4,2 т/га, а наименьший сухой массы урожай варианте (NPK)₉₀ – 2,4 т/га.

Таблица 3 Урожайность сухой массы, т/га

Варианты	Годы жизни		Среднее за 2 года	Отклонение от К, т	В % от К
	2014 г.	2015 г.			
1.(контроль)	3,4	1,8	2,6	0	100
2.(N ₃₀ (PK) ₆₀)	4,0	2,1	3,0	+0,4	115,3
3.(N ₆₀ (PK) ₉₀)	5,4	2,2	3,8	+1,2	146,1
4.(NPK) ₉₀	2,3	2,5	2,4	-0,2	92,3
5.(NPK) ₁₂₀	6,0	2,4	4,2	+1,6	161,5
НСР ₀₅	0,81	0,18	0,14	-	-

За два года пользования растения люцерны формировали небольшое количество побегов по причине воздушной и почвенной засухи. В среднем за два года количество побегов на 1 растении составило 12-13 штук.

Таблица 4 Побегообразование люцерны в зависимости
от минерального питания, шт/раст

Варианты	Годы жизни		В среднем за два года	
	2014 г.	2015 г.	шт/раст.	в % от К
1.(контроль)	11	14	13	100
2.(N ₃₀ (PK) ₆₀)	13	13	13	100
3.(N ₆₀ (PK) ₉₀)	11	12	12	92,3
4.(NPK) ₉₀	11	13	12	92,3
5.(NPK) ₁₂₀	12	11	12	92,3
НСР ₀₅	3,0	4,8	3,2	-

Результаты корреляционного анализа показали следующее. Зависимость величины урожая зеленой массы от площади листьев установлена сильная – $r=1,0$. Коэффициент регрессии показал, что при увеличении площади листьев на единицу на 1 тыс.м²/га урожай зеленой массы увеличивается на 0,6 т/га.

Определена сильная зависимость урожая зеленой массы от процента облиственности – $r=0,9$.

При определении зависимости урожая зеленой массы от количества побегов установлено средняя отрицательная связь – $r=-0,6$. И коэффициент регрессии показал, что при увеличении количества побегов на 1 шт. урожай увеличился на 0,5 т/га.

Закключение

1. Наибольшую площадь листовой поверхности (37,2 тыс.м²/га) растения люцерны формируют при дозе N₆₀(PK)₉₀.

2. Наивысший урожайность кормовой массы люцерны, а также облиственность растений обеспечивает доза минерального удобрения (NPK)₁₂₀.

3. Внесение разных доз минеральных удобрений не оказывает существенного влияния на образование побегов.

4. Отмечена полная связь между урожаем зеленой массы и площадью листьев ($r=1$) при коэффициенте регрессии 0,6 т/га; сильная зависимость урожая зеленой массы от облиственности ($r=0,9$) при коэффициенте регрессии 0,4 т/га и средняя

отрицательная зависимость урожая зеленой массы от количества побегов ($r=-0,6$) при коэффициенте регрессии $-0,5$ т/га.

Литература:

1. Гончаров П.Л. Биологические аспекты возделывания люцерны. /Гончаров П.Л., Лубенец П.А./Изд-во: Наука – Новосибирск, 1985 г.
